

**Саран қаласы және Ақтас поселкесі аумағында ит және мысық ұстау қағидасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының XXV сессиясының 2002 жылғы 27 қарашадағы N 324 шешімі. Қарағанды облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 06 желтоқсанда N 1021 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 18 сессиясының 2009 жылғы 8 қазандағы N 315 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 18 сессиясының 2009.08.10 N 315 шешімімен.*

2001 жылғы қаңтардың 23-гі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Саран қаласы және Ақтас поселкесінің санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында:

Саран қалалық Мәслихаты шешті:

1. Саран қаласы және Ақтас поселкесінің аумағында ит және мысық ұстау қағидасы бекітілсін. 1 қосымша.
2. Саран қаласының әкімі ит қыдыртатын арнайы орындар белгілесін.
3. Осы негізгі қағида қала тұрғындарына, барлық нысана түріндегі меншіктің заңды тұлғаларына назарына жеткізілсін.
4. Осы негізгі шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары М.А. Смағұловқа және табиғи қорды тиімді пайдалану, және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік-экономикалық дамуының заңдылығы мәселелері жөніндегі комиссияға (В.А. Закомолкин) жүктелсін.
5. Осы шешімі Әділет органдарында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Б.Е. Ешмағамбетов

2002 жылғы 27 қарашадағы  
N 324 шешіміне  
N 1 қосымша

**Саран қаласы және Ақтас поселкесі аумағында ит пен мысық ұстау қағидасы**

2001 жылғы қаңтардың 23-гі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, 1994 жылғы шілденің 8-гі "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңына, 2002 жылғы шілденің 10-ғы "Ветеринария туралы" Заңын орындау үшін

және қала мен поселкалардың санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында келесі қағидалар талданып, бекітілді.

Осы қағидалар ит және мысық ұстайтын азаматтарға, ұжымдарға, барлық нысана түрінде қарамастан мекемелер мен кәсіпорындарға таратылады.

### **1 БӨЛІМ. Ит және мысық иелерінің міндеттері.**

1. Ит және мысық иелерінің міндеттері:

1) үй хайуанаттарын олардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес асырауға, адамгершілік қарым-қатынас жасауға, қадағалаусыз қалдырмауға, ал ауырған жағдайда уақытында ветеринарлық көмек көрсетуге;

2) хайуанаттарды ұстау қағидасын және санитарлық-гигиеналық нормаларды қатаң сақтауға, көпшілік орындарды ластатпауға;

3) мемлекеттік ветеринарлық мекемелердің мамандарының талаптарына сай хайуанаттарды тексеруге, диагностикалық зерттеуге және емдеу-сақтандыру шараларына әкелуге;

4) қоршаған адамдар мен хайуанаттардың қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауға қажетті шаралар қабылдауға;

5) асырау мүмкін болмаған жағдайда хайуанатты басқа адамға беруге, немесе ветеринарлық мекемеге тапсыруға;

6) хайуанат адамды немесе басқа бір хайуанатты қауып алған жағдайда иесі жақын жердегі медициналық және ветеринарлық мекемелерге хабарлауға міндетті, ветеринарлық мамандар бақылауымен карантинге алуы және тексеруі үшін мемлекеттік ветеринарлық емханаға алып келуі тиісті;

7) меншік үй аймағында күзетілетін объектілерде ит ұстаған жағдайда иесі хайуанатты қоршаудың сыртына шығармауды қарастыруға міндетті;

8) күзет иттерімен әр түрлі аумағында, объектілерді күзеткен жағдайда ескерту орнатуға міндетті.

### **2 БӨЛІМ. Хайуанаттар иесінің құқықтары.**

1. Кез келген хайуанат (ит, мысық) иесінің меншігі болып табылады және кез келген меншік түрі сияқты заңмен қорғалады.

### **3 БӨЛІМ. Ит және мысықтарды ұстау.**

1. Рұқсат етіледі:

1) хайуанаттарды тұрғын жайда, оның ішінде пәтерлерде ұстауға;

2) иттерді көшеге, аулаға немесе басқа қоғамдық орындарға қысқа жіппен жетектеп және томаға кигізіп шығаруға;

3) жолаушыларды мазаламау шарттарын сақтаған жағдайда, иттерге тек томаға кигізіп қоғамдық көліктерде тасымалдауға;

4) итті жетексіз арнайы осы мақсатқа бөлінген орындарда ғана қыдыртуға.

2. Тыйым салынады:

1) 14 жасқа дейінгі балаларға және мас күйіндегі азаматтарға ит қыдыртуға

және итпен қоғамдық орындарға, көпшілік демалатын орындарға, саябақтарға,  
гүлзарларға келуге;

2) хайуанаттарды жалпы пайдаланатын орындарда, подъездерге, баспалдақ  
алаңдарында, шатырда, жалпы қоралар мен гараждарда және балкондар мен  
лоджиаларда ұстауға;

3) хайуанаттарға подъездерді, баспалдақ алаңдарын, спорт және балалар  
алаңдарын, көгалдарды, тротуарларды, парк және гүлзар аймақтарын ластатуға.  
Егер хайуанат бұл орындарда нәжіс қалдырса, оны (хайуанат) иесі тазартуы тиіс;

4) ит таластарын өткізуге;

5) ит пен мысықтарды қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына сауда  
залдарына және азық-түлік дүкендерінің өндірістік бөлмелеріне, мемлекеттік  
мекемелерге ұстауға немесе жетектеп әкелуге;

6) хайуанаттарды өзендер және суаттарға шомылдыруға.

3. Дүкендердің, емханалардың, дәріханалардың, тұрмыстық қызмет көрсету  
кәсіпорындарының және қоғамдық орындардың алдында байлағандардан басқа,  
қоғамдық орындарда ешкімнің жетегінсіз жүрген иттер мен мысықтар  
қадағалаусыз деп саналады және арнайы қызмет органдарымен ауланады.

4. Тұрғын үйлердің маңайында хайуанаттарды қыдыртқанда иесі тыныштық  
сақтауы тиіс.

5. Көшені қиып өткенде және магистральға жақындағанда жол-көлік  
апатынан сақтану үшін иесі итті қысқа жіппен жетектеп жүруі тиіс.

6. Хайуанаттар өлген жағдайда мал қорымы аумағына ғана жерлеуге рұқсат  
етіледі. Мүрдені лақтыруға немесе қала аумағында көмуге тыйым салынады.

#### **4 БӨЛІМ. Осы қағидаларды сақтамаған ит пен мысық иелерінің жауапкершілігі.**

1. Осы қағидаларды сақтамаған ит пен мысық иелері Қазақстан  
Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексiне сәйкес  
жауапқа тартылады.